

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының арасындағы "Дағдылар бойынша тиімді ұлттық стратегияларды қалыптастыру" жобасын іске асыру туралы келісімге қол қою туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 18 сәуірдегі № 205 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының арасындағы "Дағдылар бойынша тиімді ұлттық стратегияларды қалыптастыру" жобасын іске асыру туралы келісімнің жобасы мақұлданды.

2. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Бердібек Машбекұлы Сапарбаевқа Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының арасындағы "Дағдылар бойынша тиімді ұлттық стратегияларды қалыптастыру" жобасын іске асыру туралы келісімге қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*А. Мамин*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2019 жылғы 18 сәуірдегі  
№ 205 қаулысымен  
мақұлданған  
Жоба

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы арасындағы "Дағдылар бойынша тиімді ұлттық стратегияларды қалыптастыру" жобасын іске асыру туралы келісім**

Бұдан әрі жеке-жеке "Тарап" немесе бірге "Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (бұдан әрі - ЭЫДҰ) төмендегілер туралы осы келісімді жасасты:

1-бап. Келісімнің нысанасы

1. ЭЫДҰ 2019-2020 жылдарға арналған Жұмыс және бюджет бағдарламасы (бұдан әрі - ЖББ) шеңберінде өзінің дағдылар бойынша тиімді ұлттық стратегияларды қалыптастыру жөніндегі жұмысының барысында Қазақстанда "Дағдылар бойынша тиімді ұлттық стратегияларды қалыптастыру" жобасын (бұдан әрі - Жоба) жүзеге асыратын болады, оның нәтижелері бойынша ЭЫДҰ 2021 жылы жариялау үшін

Дағдылар стратегиясын диагностикалау туралы ЭЫДҰ есебі: Қазақстан есебін (бұдан әрі - есеп) дайындайды.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі Жоба шеңберінде ЭЫДҰ орындайтын жұмысты қаржыландыруға келіседі.

3. Жарна Жобаның ұзақтығы - 2019 жылғы 1 мамырдан басталатын және 2021 жылғы 30 сәуірде аяқталатын кезеңде жұмсалған шығыстарды қаржыландыруға пайдаланылуы мүмкін.

4. ЭЫДҰ-ның 2020 жылдан кейін кез келген нәтижелерін ұзартуды ЭЫДҰ Кеңесі кейіннен ЭЫДҰ-ның ЖББ-сына қосуы керек. Алайда бұл нәтижелер соңында келешек ЖББ-ға қосылмаған жағдайда ЭЫДҰ осы жарна есебінен қаржыландырылатын жұмысты тоқтатуға және осы Келісімді бұзуға құқылы; бұл жағдайда қаржыландырушы Тарап ЭЫДҰ-ның тек Келісім бұзылған күнге дейін шеккен шығыстарын ғана өтейді.

2-бап. Бюджет және қаржыландыру тетіктері

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі ЭЫДҰ-ға Жобаны жүзеге асыруға арналған шығыстар есебіне 500 000 (бес жүз мың) еуро мөлшерінде жарна беруге міндеттенеді.

2. Жарна үш траншпен төленетін болады. Бірінші транш (аванс) ЭЫДҰ-дан тиісті шот-фактура алынғаннан кейін 2019 жылғы маусымда 235 000 (екі жүз отыз бес мың) еуро мөлшерінде төленеді. Екінші транш (аванс) ЭЫДҰ-дан тиісті шот-фактура алынғаннан кейін 2019 жылғы желтоқсанда 215 000 (екі жүз он бес мың) еуро мөлшерінде төленеді. Үшінші транш 3 баптың 8-тармағында көрсетілгендей шығыстар туралы қорытынды есеп және ЭЫДҰ-дан тиісті шот-фактура алынғаннан кейін Жоба аяқталған соң 50 000 (елу мың) еуро мөлшерінде төленетін болады.

3. ЭЫДҰ бұл жарнаны қазіргі уақытта жарнаның жалпы сомасынан 5,3% мөлшерінде әкімшілік шығындарды өтеу үшін алымды өндіріп алуды кездейтін ЭЫДҰ-ның Қаржылық ережелеріне және басқа да тиісті қағидаларына, саясатына және рәсімдеріне сәйкес игереді. Шығыстар бухгалтерлік есепке алудың жалпы қабылданған қағидаларына сәйкес келетін ЭЫДҰ шоттарында көрсетіледі және ЭЫДҰ аудитінің стандартты қағидаларына сай аудитке жатады.

3-бап. Іс-шаралар мен есеп берудің сипаттамасы

1. ЭЫДҰ Жобаны осы Келісімге қосымшаға сәйкес техникалық тапсырмаға сай іске асырады.

2. Осы Келісімге қол қойылғаннан кейін екі ай ішінде ЭЫДҰ Қазақстан Республикасының тиісті министрліктері мен ведомстволарынан лауазымды адамдардың өкілдік етуімен ведомствоаралық ұлттық жобалық топтың қатысуымен ЭЫДҰ-ның дағдылар стратегиясы жөніндегі семинарын өткізу үшін бірінші миссиямен Қазақстанға келеді.

3. ЭЫДҰ-ның дағдылар стратегиясы жөніндегі семинары өткізілгеннен және Қазақстан Республикасының Үкіметінен толтырылған сауалнама алынғаннан кейін

төрт ай ішінде дағдылар саласындағы саясат үшін басым түйінді факторларды талқылау үшін диагностикалық практикум өткізу мақсатында ЭЫДҰ Қазақстанға екінші миссиямен келеді.

4. Диагностикалық практикумды өткізгеннен кейін төрт ай ішінде озық тәжірибе бойынша практикум өткізу, Қазақстан үшін әзірленген ұсынымдардың жобаларын қарау және іске асырудың негізгі аспектілерін айқындау үшін ЭЫДҰ Қазақстанға үшінші миссиямен келеді.

5. ЭЫДҰ 2020 жылғы 30 қарашаға дейін Дағдылар стратегиясын диагностикалау туралы ЭЫДҰ есебі: Қазақстан есебін (есеп) дайындауды аяқтайды.

6. Есеп аяқталғаннан кейін екі ай ішінде ЭЫДҰ Қазақстан Республикасының Үкіметімен бірлесіп Дағдылар стратегиясын диагностикалау туралы ЭЫДҰ есебі: Қазақстан есебін таныстыру үшін Қазақстанның да, ЭЫДҰ-ның да өкілдері қатысатын жария іс-шара өткізеді. Іс-шараның мақсаты жұртшылықтың хабардар болуын арттыру және Қазақстандағы дағдылар жүйесін жетілдіруге бағытталған келешектегі қызмет үшін қолдаудың ауқымды базасын құру болып табылады.

7. ЭЫДҰ Қазақстан Республикасының Үкіметіне 2019 жылғы 1 мамырдан бастап 2020 жылғы 1 мамыр аралығындағы кезеңдегі шығыстар туралы аралық есепті шығыстарды көтерудің аталған кезеңі аяқталғаннан кейін үш ай ішінде ұсынады.

8. ЭЫДҰ Жоба аяқталғаннан кейін үш ай ішінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне шығыстар туралы қорытынды есепті ұсынады.

#### 4-бап. Ақпарат алмасу

Осы Келісімнің Тараптары бір-біріне өзара қолдау көрсетеді және Жобаны жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты ұсынады. Тараптар арасындағы кез келген хабарламалар мына мекенжайларға жіберіледі:

Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін: Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі - 010000, Астана (Нұр-Сұлтан) қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік ел даңғылы, 8, тел.: +7 7172 74-36-04, эл. пошта: kense@enbek.gov.kz;

ЭЫДҰ үшін: Эндрю Белл, ЭЫДҰ-ның Дағдылар жөніндегі орталығы, эл. пошта: Andrew.Bell@oecd.org, тел.: +33 1 45 24 78 06 және Алессандро Голио, ЭЫДҰ-ның Жұмыспен қамту, еңбек және әлеуметтік мәселелер жөніндегі директоры, эл. пошта: Alessandro.Goglio@oecd.org, тел.: +33 1 45 24 75 71, Франция, 75775 Париж Cedex 16, rue Andre Pascal.

#### 5-бап. Жобаның нәтижелерін пайдалану

1. Жобаның кез келген нысандағы нәтижелері ЭЫДҰ-ның айрықша меншігі болып табылады.

2. Үшінші тараптардың құқықтарын сақтау, сондай-ақ егер қолданылса, ЭЫДҰ-ның құжаттарды құпияландыру және құпиясыздандыру қағидалары мен саясатын сақтау шартымен, ЭЫДҰ Қазақстан Республикасының Үкіметіне:

а) осы жарна есебінен қаржыландырылатын іс-шаралар шеңберінде шығарылған өзгертілмейтін, тек оқу үшін қолжетімді жарияланымдарды таратуға және өзінің веб-сайтына жүктеуге, сондай-ақ

б) осы жарна есебінен қаржыландырылатын іс-шаралар шеңберінде алынған жарияланым(дардың)ның және басқа да түпкілікті нәтижелердің көшірмелерін жасауға, пайдалануға және коммерциялық емес мақсаттарда таратуға айрықша емес құқық береді. Дегенмен Қазақстан Республикасы Үкіметінің жарияланымдардың жүктелетін нұсқаларын өзінің веб-сайтына орналастыруға құқығы жоқ.

3. Кез келген жағдайларда, егер ЭЫДҰ өзгеше белгілемесе, Қазақстан Республикасының Үкіметі тиісті жағдайларда ЭЫДҰ авторлық құқығын әрдайым тиісті тәртіппен тануға міндеттенеді.

4. ЭЫДҰ мұндай жарияланымның тілі мен нысанына қарамастан, Есепті алғашқы жариялау құқығын өзінде сақтайды.

5. Қазақстан Республикасы Үкіметінің үлесін растамауға негіздер болмаған кезде Баспа Есепте мұндай үлесті растау қамтылады.

6. Жоба барысында ЭЫДҰ-ға ұсынылған Қазақстан Республикасы Үкіметінің меншігі болып табылатын кез келген деректер немесе ақпарат Қазақстан Республикасы Үкіметінің меншігі болып қала береді. ЭЫДҰ-ның жоғарыда аталған деректер мен ақпаратты Есепті дайындау мақсатында және жалпы Жобаны іске асыру үшін пайдалануға және/немесе оған қосуға құқығы бар.

7. ЭЫДҰ Тараптар арасында ЭЫДҰ-ның стандартты ережелеріне сәйкес талаптар туралы бөлек келісім болған кезде Қазақстан Республикасының Үкіметіне Есепті қазақ тіліне аударуға және оның қазақ тіліндегі нұсқасын жариялауға ғана айрықша емес құқық береді. ЭЫДҰ құжатты орыс тіліне аударуға жауапты болады.

#### 6-бап. Дауларды шешу

Осы Келісімнен туындайтын, онымен байланысты немесе оның бұзылуынан, тоқтатылуынан немесе жарамсыз болуынан туындаған кез келген дау, келіспеушілік немесе талап Аралық соттың тұрақты палатасының 2012 жылғы Төрелік қағидаларына сәйкес төрелік тәртібімен шешілуге тиіс. Төрешілер саны - біреу. Төрелік істі қарау тілі - ағылшын. Төрелік істі қарау орны - Париж (Франция). Тараптар төрелік сот шығарған кез келген шешімінің күшін жоюға немесе оны болдырмауға қол жеткізу құқығынан анық бас тартады.

#### 7-бап. Артықшылықтар мен иммунитеттер

Осы Келісімде ешнәрсе ЭЫДҰ-ның халықаралық ұйымның иммунитеттері мен басымдықтарынан бас тартуы ретінде түсіндірілмеуге тиіс.

#### 8-бап. Өзгерістер

Тараптардың өзара келісуі бойынша осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар осы Келісімнің 9-бабына сәйкес күшіне енетін жеке хаттамалармен ресімделеді.

## 9-бап. Күшіне енуі

Осы Келісім екі Тарап оған қол қойған және ЭЫДҰ-ның Бюджет комитеті жарнаны қабылдаған күннен бастап қайсысы соңғы болғанына байланысты күшіне енеді және қолданыста болады. Екі Тарап одан туындайтын барлық міндеттемелерді орындағанға дейін күшінде болады және қолданылады.

20 \_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ әрқайсысы қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде екі данада қол қойылды. Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар жалғыз төлнұсқа болып табылатын ағылшын тіліндегі нұсқаға жүгінеді.

Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін	Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы үшін
Бердібек Сапарбаев Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі	Стефано Скарпетта Директор, Жұмыспен қамту, еңбек және әлеуметтік істер жөніндегі директорат
Қолы: _____ Күні: _____	Қолы: _____ Күні: _____
	Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы үшін Антуан Пайль Бағдарламаларды, бюджетті және қаржыны басқару қызметі бастығының орынбасары, Атқарушы директорат
	Қолы: _____ Күні: _____

Қазақстан Республикасының  
Үкіметі мен Экономикалық  
ынтымақтастық және даму  
ұйымы арасындағы "Дағдылар  
бойынша тиімді ұлттық  
стратегияларды қалыптастыру"  
жобасын іске асыру туралы  
келісімге қосымша

## **"Дағдылар бойынша тиімді ұлттық стратегияларды қалыптастыру" жобасына техникалық тапсырма**

Дағдылар - жаңа валюта. Дағдылар барынша өзара байланысқан және тым құбылмалы әлемде елдер мен адамдардың өркендеу әлеуетінде түйінді рөл атқарады. Жаһандану, ғылыми-техникалық революция (атап айтқанда, цифрландыру) және демографиялық өзгерістер сияқты мегатенденциялар стандартты емес, когнитивті дағдылардың неғұрлым жоғары деңгейлеріне, сондай-ақ дағдылардың жаңа кешендеріне өспелі сұраныс тудыра отырып, жұмыс нысаны мен әлеуметтік ортаны өзгертеді. ЭЫДҰ дағдыларды игеруге болатын және адамдарға қандай да бір қызметті

немесе міндетті табысты әрі үнемі орындауға мүмкіндік беретін, сондай-ақ оқу арқылы дамытуға және жетілдіруге болатын білімдер, сипаттамалар мен қабілеттер жиынтығы ретінде айқындайды.

ЭЫДҰ-ның Дағдылар стратегиясы бойынша жобалары елдерде дағдылар саласындағы проблемаларды бағалаудың және неғұрлым тиімді дағдылар жүйелерін жасаудың стратегиялық және кешенді тәсілін қамтамасыз етеді. Келешекке арналған стратегиялық жоспарларды және халыққа орнықты, инклюзивті өсуге қол жеткізу үшін қажетті дағдыларды дұрыс үйлестіруге мүмкіндік беретін және адамдарға жылдам өзгеріп жатқан жағдайларда өркендеуге мүмкіндік беретін саяси шараларды әзірлеу үшін ЭЫДҰ елдермен тығыз ынтымақтастық жасайды.

ЭЫДҰ-ның Дағдылар стратегиясы бойынша жобалары адамдар жұмыс орнындағы өзгерістерге жылдам бейімделе және әл-ауқат пен жақсы әлеуметтік нәтижелерді қамтамасыз ете алу үшін өмір бойы қайта оқып, біліктілігін арттыра алатындай өмірлік циклге негізделген тәсілді қолданады. Ол үшін дағдылар жүйесін үш деңгейде нығайту қажет болады: басқару, қаржыландыру және ақпараттық жүйелер.

Жетілдірілген басқару жүйелері үкіметтің түрлі деңгейлері арасында, сондай-ақ басқа мүдделі тараптармен үздік үйлестіруді талап етеді. Жалпы дағдылар жүйесін көпшілік жиі фрагменттелген экожүйе шеңберінде қаржыландырады, бұл міндеттерді нақты бөлуді және дұрыс ынталандыруды қамтамасыз етеді. Дағдылар жүйесінің күшті және әлсіз жақтарын бағалау және саясаттың әсерін бағалау үшін жақсы пысықталған ақпараттық жүйелерде қажет.

## **1. Қазақстанда ЭЫДҰ-ның Дағдылар стратегиясы жобасын енгізу қандай пайда әкеледі?**

Бірнеше жыл бойы Қазақстан әлемдегі ең жылдам өсіп келе жатқан экономикалардың бірі болды. Негізінен, 2000-шы жылдардың басында табиғи ресурстардың өсімі арқасында елімізге өмір сүру деңгейін көтеруге, кедейлік деңгейін азайтуға, жұмыспен қамтуды ұлғайтуға және білім беруге инвестиция салуға мүмкіндік туды. Алайда, ресурстар бағасының таяудағы құбылуы жоғары құнды бір қызметке күшті экономикалық тәуелділікпен байланысты осалдықты керсетті. Осы заманауи сын-қатерлерге ден қою және өз адамдары үшін жарқын болашақты қамтамасыз ету үшін Қазақстан дағдыларды дамытуда, жандандыруда және пайдалануда өз көрсеткіштерін жақсартуы керек.

Дағдыларды дамытуды жетілдіру үшін айтарлықтай мүмкіндіктер бар. Білім беру даярлығының деңгейі жоғары болғанына қарамастан Оқушылардың білім жетістіктерін бағалаудың халықаралық бағдарламасының жүйесі (PISA) бойынша көрсеткіш салыстырмалы түрде төмен, ал көрсеткіші төмен қатысушылардың үлесі жоғары. Бұған қоса, соңғы жылдары Қазақстан өзінің жоғары білім беру жүйесін реформалауда айтарлықтай табысқа қол жеткізгенімен, әлі де көп нәрсе істеу қажет. Мысалы, "21st Century" ("21 ғасыр") жобасын дамыту, қосымша дағдылар, әлсіз инвестициялаумен

күрес, талдау үшін көбірек деректер жинау, өңірлік және әлеуметтік- демографиялық айырмашылықтарды жою және кадрларды кәсіптік-техникалық даярлауды ( VET-education) жақсарту үшін неғұрлым көп әрекет жасауға болады.

Бір қарағанда, Қазақстан дағдыларды жандандыру мен пайдалануды өте жақсы орындайды: мысалы, еңбек нарығының өнімділігі өте жоғары. Алайда, жұмыстың сапасы (мысалы, формальды талаптарды бұзу, өзін-өзі жұмыспен қамту және төмен жалақы) проблема болып қалуда және Қазақстан еңбек нарығындағы осал топтарды (мысалы, біліктілігі төмен жұмысшыларды, әйелдерді) жандандыру үшін көп нәрсе жасай алады.

Осы мәселелерді шешу үшін Қазақстан соңғы жылдары көп күш жұмсауда, бірақ бұл мақсаттарға практикада қол жеткізу үшін тиісті дағдыларды дамытуда, қолжетімді дағдыларды жандандыруда және дағдыларды тиімді пайдалануда елдің әлеуетін нығайтуға бағытталған жалпыүкіметтік күш-жігер қажет. ЭЫДҰ Ұлттық дағдылар стратегиясы жобасының шеңберінде маңызды үлес қоса алатын Қазақстанды осы бастамада қолдай алады, оның ішінде:

1) Қазақстандағы дағдылар жүйесін салыстырмалы талдау: дағдылардың сұранысы мен ұсынысына әсерін тигізетін ұйымдар, саясат пен мүдделі тараптарды жақсы түсіну үшін;

2) саясаттың басымдықтарын айқындау: дағдылардың нәтижелерін жақсарту үшін әлеуеті неғұрлым жоғары саясат саласында инвестицияларды бағыттауға Қазақстанға көмектесу үшін;

3) саясаттарды келісу: саясатты үйлестіруді жақсарту және саясаттардың өзара толықтырылуын қалыптастыру үшін;

4) саяси ұсынымдарды әзірлеу және іске асыру пайымдарын айқындау: диагноздан іс-әрекетке көшуде Қазақстанға қолдау көрсету үшін қажет.

## **2. ЭЫДҰ Жобасы Қазақстанда қалай жүзеге асырылады?**

Жалпыүкіметтік ынтымақтастықты күшейту: Қазақстанда дағдылардың әлеуетін барынша арттыру министрліктер мен үкімет деңгейлерінің арасындағы ынтымақтастық пен үйлестіруді талап етеді. Дағдыларға жалпыүкіметтік тәсіл білім беру мен даярлауға, еңбек ресурстарына, экономикаға, салыққа, жергілікті экономикалық дамуға, зерттеулер мен инновацияларға және т.б. жауапты министрліктердің саяси бастамаларын үйлестіруді көздейді.

Мүдделі тараптармен өзара іс-қимылды күшейту: Қазақстанда дағдылар саласындағы тиімді жобалау және саясатты іске асыру дағдыларды жетілдіру қажеттілігін, дағдылар жүйесінің алдында тұрған күшті жақтары мен проблемаларын және қызметтің басым салаларын жалпы түсінуді талап етеді. Бұл жұмыс берушілер, кәсіподақтар, оқу орындары, студенттер және басқа да мүдделі тараптар сияқты жұмылдырылған барлық қатысушылармен тығыз әріптестік қарым-қатынас орнату үшін үкіметтің шегінен шығу қажеттілігіне әкеледі.

Жоғары сапалы талдауды қамтамасыз ету: Қазақстандағы жұмыс тиімділігін сапалы талдау - бұл неғұрлым жетілдірілген саясат құрудың және іске асырудың негізі. Жоба ЭЫДҰ-ны, ұлттық және басқа да дереккөздерді, сондай-ақ дағдыларды дамытуда және пайдалануда тиімді стратегияларды қалай әзірлеу және орындау керек екені туралы Қазақстанға жоғары сапалы консультациялар беру, сондай-ақ дағдылар жүйесін басқаруды күшейту үшін ЭЫДҰ-ның таланттары мен тәжірибесін пайдаланады. Жобада маңызды сабақ бола алатын басқа елдер мен өңірлердің саяси бастамаларының нақты мысалдары да пайдаланылатын болады.

Өзара оқытудың халықаралық мүмкіндіктері: қатарластарды оқыту мүмкіндіктері елдер мен өңірлер бір-бірінен үйрене алатын балама тәсілдерді түсінуді кеңейтуге және тереңдетуге көмектеседі. Бұл Дағдылар стратегиясы жобасы бойынша қатысушы елдерден (осы Келісімге қол қою күніне: Аустрия, Италия, Корея, Мексика, Нидерланды, Норвегия, Перу, Португалия, Словения және Испания) ЭЫДҰ командалары арасында тұрақты кездесулерді қамтиды.

### **3. Жобаның Қазақстандағы жалпы мақсаттары қандай?**

ЭЫДҰ-ның осы Жобасының негізгі мақсаты келешек экономикалық және әлеуметтік дамуды қолдау үшін тиімді дағдылар стратегиясын әзірлеуде техникалық көмек керсету үшін Қазақстандағы дағдылар жүйесін стратегиялық бағалауды қамтамасыз ету болып табылады. Жоба сектораралық болуға және барлық тиісті мүдделі тараптарды тартуға арналған. Сондай-ақ ол келісілген және дағдылар мен тиімді үйлестіру саласындағы саясаттың келешегіне бағытталған жалпы мақсаттарды дамытуды атап көрсетеді.

#### **ЭЫДҰ-ның Қазақстандағы дағдылар стратегиясының жеке жобасы**

Диагностика кезеңінде ЭЫДҰ қазақстандық дағдылар жүйесіне талдау мен бағалау жүргізеді. Бұл кезең кабинеттік зерттеулерді, семинарларды, шенеуніктермен және мүдделі тараптармен кездесулерді үйлестіруді білдіреді және "Дағдылар стратегиясын диагностикалау туралы ЭЫДҰ есебі: Қазақстан" есебін ("Есеп") дайындаумен аяқталады. ЭЫДҰ:

1. Демографиялық, экономикалық және әлеуметтік үрдістер мен Қазақстандағы дағдылар саласындағы саясатына олардың әсеріне баса көңіл бөле отырып, 2020-2030 жылдар кезеңіне арналған тиісті үрдістерді айқындайды.

2. Қазақстандағы дағдылар көрсеткіштеріне әсер ететін барлық қатысушыларды жақсырақ түсіну үшін Қазақстандағы дағдылар жүйесіне талдау жасайды.

3. Халықаралық деректермен салыстырғанда қазақстандық дағдылар жүйесінің күшті және әлсіз жақтарын бағалайды.

4. Дағдылар саласындағы қазіргі саясатты сипаттайды және бағалайды, олардың нақты немесе ықтимал әсерін бағалайды.

5. Жоба басталғанға дейін Қазақстанмен бірлесіп іс-қимыл жасау үшін 3-4 басым бағытты айқындайды. Қазақстанның Ересек халық дағдыларын шолуға (PIAAC)



қатысуының нәтижесінде қолжетімді болатын жаңа ақпаратты ескере отырып, бұл басым бағыттар шектеусіз мыналарды қамтуы мүмкін:

1) ересек тұрғындардың, сондай-ақ мүмкіндіктері шектеулі адамдардың оқытудың барлық нысандарына кеңінен қатысуына жәрдемдесу;

2) еңбек нарығындағы, оның ішінде жастардың, ересек халықтың және мүмкіндіктері шектеулі адамдардың дағдыларын жандандыруды жақсарту;

3) дағдыларды, еңбек нарығының ақпараттық жүйелерін және оқытуды нығайту;

4) дағдылар жүйесін басқаруды күшейту.

6. Жақсару жолындағы кедергілерді, сондай-ақ ұлттық және халықаралық деңгейдегі озық әдістерді ескере отырып, үкімет үшін де, қызметтің 3-4 басым саласындағы мүдделі тараптар үшін де нақты ұсынымдар жасайды.

### **Өзара іс-қимыл**

Қазақстанда дағдылар саласындағы саясатты тиімді жобалау және іске асыру дағдыларды жетілдіруді, дағдылар жүйесінің қазіргі күшті жақтары мен алдында тұрған проблемаларын, сондай-ақ қызметтің басым бағыттарын жалпы түсінуді талап етеді. Бұл үкімет тарапынан ғана емес, барлық мүдделі қатысушылармен тығыз әріптестік қарым-қатынас құруды талап етеді. Жоба барлық мүдделі тараптарды тартуға арналған.

ЭЫДҰ секторлардың кең ауқымынан негізгі мүдделі тараптарды тартады, оның ішінде: жұмыс берушілер, кәсіподақтар, үкіметтік министрліктер мен ведомстволар, жұмыспен қамту қызметтері, кәсіптік қауымдастықтар, шағын және орта бизнес өкілдері, студенттік ұйымдар, өңірлік және жергілікті билік органдары, зерттеушілер, оқу орындары және коммерциялық емес ұйымдар.

Осы қатысушылардың барлығы Қазақстандағы дағдылар жүйесі туралы пікір алмасу үшін Жобаға арналған семинарларға шақырылады. Әрбір қатысушы министрлік семинарларға шақырылатын анағұрлым маңызды мүдделі тараптардың тізбесін ұсынады. ЭЫДҰ ведомствоаралық ұлттық жобалық топпен бірлесіп қандай мүдделі тараптар шақырылатыны туралы шешім қабылдайды. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл топтарда шағын пікірталас түрінде өткізілетін болады. ЭЫДҰ-ның презентациялары мен пленарлық отырыстары ағылшын тілінде өтеді.

### **Жобаның негізгі компоненттері қандай?**

Жоба ЭЫДҰ-ның мамандандырылған салааралық тобы мен ведомствоаралық ұлттық жобалық топтың тығыз өзара қарым-қатынасына байланысты. Төмендегі ақпаратта Жобаның негізгі кезеңдері мен мерзімдері керсетілген.

Жұмыстың бірінші айында ЭЫДҰ Жоба бойынша Жобаның іс-шаралары, нәтижелері мен мерзімдері айқындалатын алдын ала жедел жоспарды, сондай-ақ теменде ұсынылатын Қазақстан үшін алдын ала жалпы сауалнаманы әзірлейді.

1. ЭЫДҰ мынадай іс-шараларды өткізу үшін Қазақстанға бірінші миссиямен келеді:

1) Қазақстан Республикасының саясаткерлерін және тиісті министрліктері мен ұйымдарының, оның ішінде Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің, Білім және ғылым министрлігінің, Ұлттық экономика министрлігінің, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің, "Атамекен" ұлттық кәсіпкерлер палатасының және басқа да ұйымдарының басшы қызметкерлерін жинау мақсатында ЭЫДҰ-ның дағдылар стратегиясы жөніндегі семинарының мақсаттары мынадай болады:

тиісті дағдыларды дамыту, дағдылардың ұсыныстарын жандандыру және олардың тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету үшін стратегиялық негіз ретінде ЭЫДҰ-ның Дағдылар стратегиясын енгізу;

Қазақстанда дағдылар жүйесін арттыру мәселелерін жоғары деңгейде талқылауды ұйымдастыру;

қазақстандық тараппен келіссөздерден кейін осы кезеңде қамтылатын басым салаларды айқындау (семинар алдында ЭЫДҰ мен Қазақстан арасында кездесу ұйымдастырылатын болады);

Қазақстанда осы басым салалар бойынша іске асырылып жатқан реформаларды талқылау;

жобаларды іске асыру мерзімдерін талқылау және негізгі рөлдер мен жауапкершілікті айқындау;

2) ЭЫДҰ мен ведомствоаралық ұлттық жобалық топ арасындағы кездесуді ұйымдастыру. Кездесудің мақсаттары мынадай:

ведомствоаралық ұлттық жобалық топтың құрамын, рөлдерін және міндеттерін талқылау, Қазақстан Үкіметінің ЭЫДҰ-мен Жобаға қатысты мақсаттары мен басымдықтарын бекіту. Бұл мақсатқа жобалық үйлестіруші арқылы ведомствоаралық ұлттық жобалық топ пен ЭЫДҰ арасында ақпарат алмасу туралы келісімге қол жеткізу кіреді;

осы кезеңде қамту қажет басым салалардың ауқымын бекіту;

Жобаның операциялық жоспарын аяқтау;

бірінші семинарға арналған ұйымдастыру шараларын талқылау; жалпы сауалнама жүргізу және талқылау және Қазақстан тарапынан барлық сұрақтарға жауаптар дайындау;

ведомствоаралық ұлттық жобалық топқа шамамен 30 парақтан тұратын жалпы сауалнаманы дайындауды аяқтау үшін екі ай беріледі. Сауалнамада мынадай ақпарат көрсетілуге тиіс:

дағдылар саласындағы барлық ағымдағы және жақында енгізілген стратегиялық реформалар мен бағдарламалардың тарихын, мақсаттарын, негізгі қызмет түрлерін, мерзімдерін, бюджет қаражатын бөлуді және олардың көздерін, бақылау және бағалау туралы кез келген басқа барлық қолжетімді деректерді қоса алғанда, олардың сипаттамасы;

негізгі әрекет етуші адамдардың, және олардың жобаны іске асырудағы рөлі мен жауапкершілігінің сипаттамасы;

ұлттық жобалық топ жүргізетін басым салаларда жұмыс тиімділігін өзін-өзі бағалау ;

қажетті ақпарат пен зерттеулер көздерінің тізімі.

3) ЭЫДҰ мен қазақстандық министрліктер арасындағы кәсіптік даярлау жүйесін жоспарлауға арналған техникалық екіжақты кездесулер.

2. ЭЫДҰ мынадай іс-әрекеттерді орындау үшін Қазақстанға екінші миссиясын жүзеге асырады:

1) ведомствоаралық ұлттық жобалық топқа кіретін министрліктердің (Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің, Білім және ғылым министрлігінің, Ұлттық экономика министрлігінің, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің), сондай-ақ басқа да тиісті мемлекеттік органдар мен барлық мүдделі тараптардың (мысалы, "Атамекен" ҚР ұлттық кәсіпкерлер палатасы, жұмыс берушілер қауымдастықтары, студенттік қауымдастықтар, кәсіподақтар, оқу орындары, кәсіптік білім беру және даярлау колледждері мен мектептері, жұмыспен қамту агенттіктері және экономикалық даму агенттіктері) өкілдеріне арналған оқыту семинары. Осы семинардың мақсаты ЭЫДҰ мен ведомствоаралық ұлттық жобалық топ айқындаған дағдылар саласындағы саясаттың негізгі факторларын талқылау болып табылады.

Семинарға қатысушылар Қазақстандағы дағдыларды дамытудың, енгізудің және қолданудың табыстылығы туралы негізгі деректер ұсынылатын, ЭЫДҰ тобы алдын ала дайындаған ағылшын тіліндегі "ЭЫДҰ дағдылар стратегиясының ақпараттық анықтамасын" алады.

ЭЫДҰ сарапшыларының қазақстандық дағдылар жүйесіне қатысты өзекті тақырыптар бойынша сөйлеген сөзінен кейін қатысушылар шағын топтарда арнайы жаттығуларды пысықтайтын болады.

2) Ведомствоаралық ұлттық жобалық топпен жұмыс кездесуі:

ЭЫДҰ өзінің салыстырмалы талдауы негізінде Қазақстандағы дағдылар жүйесінің алдында тұрған негізгі проблемалар айқындалатын баяндама жоспарының жобасын және мүдделі тараптармен семинарлардың нәтижелерін, ведомствоаралық ұлттық жобалық топтан ескертулер мен пікірлер болса, оларды алу үшін екі апта бұрын жібереді.

ЭЫДҰ өзі үшін маңызды болып саналса, есепке қосу үшін ведомствоаралық ұлттық жобалық топпен бірлесе отырып дайындаған жобалар бойынша алдын ала ұсынымдар тізімін қарайды және жаңартады.

3) ЭЫДҰ және тиісті қазақстандық әріптестер арасындағы баяндаманың негізгі нәтижелерін талқылау және тексеру үшін техникалық екіжақты кездесулер.

3. ЭЫДҰ озық тәжірибелер бойынша семинар өткізу үшін Қазақстанға үшінші миссиясын жүзеге асырады. Бұл семинарға Қазақстан үшін ұсынымдар тізбесінің

жобасын талқылау, Қазақстанда және басқа елдерде озық тәжірибені іске асыру және талқылау үшін және негізгі қадамдарды айқындау мақсатында мүдделі тараптар қатысады.

4. "Дағдылар стратегиясын диагностикалау туралы ЭЫДҰ есебі: Қазақстан" есебіне арналған қоғамдық іс-шара қоғамның назарын аудару және Қазақстандағы дағдылар жүйесін жетілдіру бойынша болашақ іс-қимылдарды қолдаудың ауқымды базасын әзірлеу үшін өткізілетін болады.

Жоба барысында Жобаның шараларын үйлестіруді қамтамасыз ету, білім алмасуды жеңілдету және дағдылар саласындағы саясатқа жалпы мемлекеттік тәсілді қолдану мақсатында ЭЫДҰ мен ведомствоаралық ұлттық жобалық топ арасында теле- немесе бейнеконференцбайланыс арқылы тұрақты кездесулер өткізілетін болады.

#### **4. Жоба іске асырылғаннан кейінгі іс-әрекет**

ЭЫДҰ Дағдылар бойынша стратегиясы жобасының рәсіміне сәйкес диагностика сатысын аяқтаған әрбір ел немесе өңір ЭЫДҰ үлесіне және жүзеге асырудағы қолдауға сүйене отырып, қосымша қаржыландыру болған жағдайда, имплементация сатысына көшуі мүмкін. Қазақстан диагностика сатысында кез келген уақытта іс-әрекеттің жүйелі кезеңін өткізу туралы түпкілікті шешім қабылдауы мүмкін. Мақсат - шаралар қабылдауға, үкіметтің өз басымдықтарын қолдауға, атап айтқанда диагностикалық кезеңнің нәтижелеріне қатысты ЭЫДҰ-ның тәжірибесін пайдалануға негізделер еді және жана жобалық ұсыныстың нысанасы болады.

Іс-әрекет кезеңінің ұзақтығы Жоба барысында Қазақстан қамтығысы келетін тақырыптардың санына байланысты болады.

#### **5. Жобаның ұсынылатын құны және іске асырылу кестесі қандай?**

Диагностикалық кезең 2019 жылғы мамырда басталады және 24 айдан кейін аяқталады, ЭЫДҰ шығындарын өтеу үшін жалпы бюджет 500 мың еуроны құрайды (Ескертпе: логистикамен байланысты шығыстар бұл бюджеттік көрсеткішке кірмейді).

Егер Қазақстан іс-қимыл кезеңіне қызығушылық танытса, іс-қимыл кезеңін іске асыру және аяқтау қосымша қаржыландыруға жатады және ол үшін көлемі іс-қимыл ауқымымен айқындалатын бюджет дайындалуы мүмкін.

Қаражатты бөлу	ЕУРО
Қызметкерлер	362100
Орталықтандырылған қызметтер	40 950
Консультация үшін төлемақы	16 800
Қызметкерлер мен сарапшылардың іссапарлары	19 380
Басқалары (күжаттаманы, IT және т.б. қоса алғанда)	34 270
VC басқару үшін төлемақы (5,3%)	26 500
Жиыны	500 000

Ескертпе: бір бюджет желісі бойынша қаражатты кез келген артық жұмсалуды ортақ бюджетті сақтап, басқа бюджет желісіне шығыстарды азайту арқылы өтелуі мүмкін.

**Дағдылар бойынша ұлттық стратегияның елдік жобалары туралы қосымша ақпарат алу үшін мына адамдармен байланысуға болады:**

Монсеррат Гомендио, ЭЫДҰ дағдылар орталығының басшысы, ЭЫДҰ Білім және дағдылар директорының орынбасары [montserrat.gomendio@oecd.org](mailto:montserrat.gomendio@oecd.org);

Стефано Скарпетта, Жұмыспен қамту, еңбек және әлеуметтік мәселелер директорының директоры: [stefano.scarpetta@oecd.org](mailto:stefano.scarpetta@oecd.org).

## **ЭЫДҰ тобы және Қазақстанның ведомствоаралық ұлттық жобалық тобы: Рөлдері мен міндеттемелері**

<p><b>Э Ы Д Ұ</b> т о б ы</p> <p>&gt; Жобаны жалпы басқару, процесс пен нәтижелер үшін жауапкершілік</p> <ul style="list-style-type: none"><li>• Жобаға және өңірлік жағдайларға байланысты әртүрлі директораттардың тәжірибесін ескере отырып, ЭЫДҰ жобалық тобын қалыптастыру</li><li>• Табыстың сыни факторларын басқару бойынша Қазақстанның ведомствоаралық ұлттық жобалық тобына консультация беру</li><li>• Жобаның жалпы жоспарын дайындау, келісілген бюджет және мерзім шеңберінде Жоба жұмысының реттілігі мен аяқталуын айқындау</li></ul> <p>&gt; Семинарды ұйымдастыруға жәрдемдесу</p> <ul style="list-style-type: none"><li>• Ведомствоаралық ұлттық жобалық топпен тығыз ынтымақтастықта семинарларды жобалау және өткізу</li><li>• ЭЫДҰ бірқатар материалдарынан мұқият іріктеліп, жағдаяттар мен өңірдің мән-жайлары мен міндеттеріне бейімделу үшін семинарларға арналған материалдар мен жаттығуларды ұсыну</li><li>• Семинарлар алдында ведомствоаралық ұлттық жобалық топтың брифингі, бірлескен оқу процесінде алынған білімді одан әрі қолдану мақсатында семинарлардан кейін сауалнама жүргізу</li></ul> <p>&gt; Коммуникациялар</p> <ul style="list-style-type: none"><li>• Жобаны жүзеге асыру барысында мақсаттарды, кезеңдерді және прогресті жалпы түсінуді қамтамасыз ету үшін ведомствоаралық ұлттық жобалық топпен тұрақты байланыста (мысалы, теле-немесе бейнеконференция арқылы) болу;</li><li>• Процестің әрбір сатысында ЭЫДҰ-ның тиісті қызметкерлерін хабардар ету және тарту</li><li>• Қажет болған жағдайда және егер ЭЫДҰ қолайлы деп санаса, тиісті өңірлік іс-шараларға қатысу және</li></ul>	<p>Қазақстанның ведомствоаралық ұлттық жобалық тобы</p> <p>&gt; Қазақстанның басты орындаушысы: Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі; бірлесіп орындаушы: Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі және басқа да мүдделі тараптар</p> <p>&gt; Жобаны жүзеге асыруды үйлестіру</p> <ul style="list-style-type: none"><li>• Ведомствоаралық ұлттық жобалық топты құру және Жоба менеджерін тағайындау</li><li>• Жоба шеңберінде жобалық топтың тұрақты кездесулерін өткізу</li><li>• Жобаға қатысатын негізгі мүдделі тараптарды анықтау</li><li>• Қазақстанда Жоба шеңберіндегі қызметке арналған барлық практикалық іс-шараларды үйлестіру, ұйымдастыру және қамтамасыз ету, оның ішінде семинарлар үшін орын-жай іздеу және жалдау, логистика, кофе-брейктер, аударма (қажет болған жағдайда)</li></ul> <p>&gt; Дағдылар туралы сараптамалық білім көзі</p> <ul style="list-style-type: none"><li>• Дағдылар стратегиясы бойынша семинарды өткізгеннен кейін екі ай ішінде және екінші миссияның алдында сауалнаманы толтыру</li><li>• Негізгі ұлттық және өңірлік деректер мен дағдыларды талдау бойынша негізгі ақпаратты, тәжірибені ұсыну</li><li>• Халықаралық деректердің өзектілігі және Қазақстан жағдайында қандай халықаралық тәжірибе анағұрлым пайдалы болатыны бойынша нұсқаулық беруді қамтамасыз ету</li></ul> <p>&gt; Қазақстандағы өзара іс-қимыл</p> <ul style="list-style-type: none"><li>• Министрлерге жобаның барысы мен нәтижелері туралы уақтылы және тиісті есеп беруді қамтамасыз ету</li><li>• Өз министрлігі/ұйымы ішінде жоба бойынша жекелеген мәселелерді талқылауды және</li></ul>
---	---

<p>стратегиялық дағдылар бойынша презентациялар жасау</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Орынды болған жағдайда Жобаның барысы мен нәтижелері туралы қажет және уақтылы ақпаратты ресми арналар арқылы (мысалы, ЭЫДҰ-ның комитеттері, ЭЫДҰ-ның дағдылар стратегиясы жөніндегі консультативтік тобы) және негізгі мүдделі тараптарға (мысалы, Еуропалық Комиссия) ұсыну.</li> <li>• Қажет болған жағдайда ЭЫДҰ байланыс платформалары арқылы Жобаның негізгі нәтижелерін ілгерілету және тарату</li> </ul> <p>&gt; ЭЫДҰ салыстырмалы деректері ЭЫДҰ елдерінің талдаулары және мысалдары</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Салыстырмалы деректерді ұсыну және ЭЫДҰ-ның Қазақстанға қатысты мәселелерді жарықтандыру үшін талдау жасауы</li> <li>• Халықаралық практиканы анықтау және келтіру, негізгі елдер мен өңірлерден жетекші практик мамандарды тарату</li> </ul> <p>&gt; Есептерді жасау және жариялау</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• ЭЫДҰ мен ведомстваралық ұлттық жобалық топ арасында келісілген кестеге сәйкес ескертулер беру үшін ведомстваралық ұлттық жобалық топқа семинарлар өткізу қорытындысы бойынша есептердің жобаларын дайындау және тарату.</li> <li>• Бастапқы жоспарды және Есепті дайындау, пікірлер алу үшін ведомстваралық ұлттық жобалық топ арасында тарату</li> <li>• Аяқталғаннан кейін 1 ай ішінде есепті жариялау (ағылшын тілінде)</li> <li>• Есепті орыс тіліне аудару.</li> </ul>	<p>таратуды қамтамасыз ету</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Мүдделі тараптармен байланыс жасайтын негізгі адам функциясын орындау, оның ішінде оларды семинарларға қатысуға шақыру</li> <li>• Мүдделі тараптарға жаңартылған ақпаратты тұрақты ұсыну (мысалы, электрондық поштамен немесе семинарлар арасында қысқа кеңестер өткізу арқылы)</li> </ul> <p>&gt; ЭЫДҰ тобымен өзара іс-қимыл</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Жобаны іске асыру барысында мақсаттар мен прогресті жалпы түсінуді қамтамасыз ету үшін ЭЫДҰ тобымен тұрақты байланыста болу</li> <li>• Жобаны әзірлеу және жұмыс кеңестерін дайындау үшін қажетті көмек көрсету</li> <li>• ЭЫДҰ-ға жобалық есептер бойынша өзекті ақпарат пен ескертулер ұсыну</li> <li>• ЭЫДҰ тобына мүдделі тараптардың ескертулерін үйлестіру (мысалы, семинарлар, есептер туралы)</li> <li>• ЭЫДҰ тобын жобаның нәтижелеріне әсер етуі мүмкін кез келген оқиғалар туралы хабардар ету</li> </ul> <p>&lt; Семинарларды дайындауға және өткізуге қатысу</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• ЭЫДҰ тобын семинарларды жоспарлау туралы тиісті ақпаратпен қамтамасыз ету</li> <li>• Негізгі мүдделі тараптарды айқындау және олардың қатысуын ынталандыру</li> <li>• Кіші топтарда талқылау үшін көмекші делдалдар функциясын орындау</li> <li>• Әр семинар бойынша ЭЫДҰ-ға ескертулер беру</li> </ul> <p>&gt; Есепті қазақ тіліне аудару (ЭЫДҰ-мен бөлек жазбаша келісімді ескере отырып)</p>
--	--